

Шымкент қаласында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Шымкент қалалық мәслихатының 2019 жылғы 27 маусымдағы № 51/430-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 53 болып тіркелді

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 17.09.2025 № 29/266-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-8-тармағына және 27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 17.09.2025 № 29/266-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Шымкент қаласында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 17.09.2025 № 29/266-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы мәслихат шешімінің мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Шымкент аймақтық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Шымкент қаласында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Шымкент қаласы мәслихаты

сессиясының төрағасы

Шымкент қаласы

мәслихатының хатшысы

Б.Салимов

Ғ.Ташқараев

Шымкент қаласы мәслихатының

2019 жылғы 27 маусымдағы

№ 51/430-6с шешімімен бекітілді

Шымкент қаласында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 17.09.2025 № 29/266-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1 – тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шымкент қаласында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-8-тармағына және 27-бабы 1-тармағының 1-16) тармақшасына сәйкес әзірленді және Шымкент қаласы аумағында жерлеу және қабірлерді қарап-күту жөніндегі істі ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын күтіп ұстауға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді ұйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығымен бекітілген "Зираттарға және жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 болып тіркелген) айқындалады.

Зират қорымдарын жобалау қағида-тарын айқындау және оларды күтіп ұстауға, жерлеу ісін, жерлеу салт-жорасын (адамның сүйектерін немесе күлін жерлеу рәсімін) ұйымдастыру тәртібіне, сондай-ақ жерлеу орындарын күтіп ұстауға және Қазақстан

Республикасындағы жерлеу ісі мәселелері жөніндегі мамандандырылған қызметтердің жұмысына ұсынымдар "Қазақстан Республикасының Зираттарды жобалау және күтіп ұстау" қағидалар жинағымен" (ҚР ҚЖ 3.02-141-2014) айқындалады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді және азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуге байланысты мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлерін жүзеге асыратын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы;

2) жерлеу – санитариялық, табиғатты қорғау, қала құрылысы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрпына және дәстүрлеріне сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, лақатқа) жерлеу немесе күлі бар урнаны қабірге, сағанаға жерлеу мен отқа жағу (кремациялау) жөніндегі салт-жора әрекеттері;

3) қабір – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін жерлеу орны;

4) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың қалдықтарын жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;

5) зират қорымының әкімшілігі – Шымкент қаласының әкімдігі құрған, Шымкент қаласындағы аудан әкімі аппаратының қарамағындағы зират қорымын ұстау және пайдалану жөніндегі ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын коммуналдық мемлекеттік мекеме.

2 – тарау. Жерлеу және зираттарды қарап-күту ісін ұйымдастырудың тәртібі

3. Шымкент қаласының жергілікті атқарушы органымен (әрі қарай – Шымкент қаласының әкімдігі) ортақ пайдаланудағы жерден зират қорымдарына жерлер бөлінеді. Зират қорымдары орналасқан және оларға арналған жерлерден Шымкент қаласының қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе Шымкент қаласында қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер учаскесі тегін бөлінеді.

Зират қорымының аумағы қабірлерге арналған қатарларға бөлінетін учаскелерден тұрады және оған автомобиль көлігіне арналған жүру жолдары мен қабірлер учаскелеріне өтетін жолдар салынады.

Шымкент қаласының әкімдігі:

зират қорымдарына арналған жер учаскелерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді ұйымдастырады;

жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында және "Жария кадастрлық картаны жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 12 шілдедегі № 252/НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33106 болып

тіркелген) жария кадастрлық картада зират қорымының бос емес және бос учаскелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

Жерлеу, зират қорымдарын күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі жұмыстардың жүргізілуіне бақылауды аумағында зират қорымы орналасқан Шымкент қаласындағы ауданның әкімі аппараты жүзеге асырады.

Қабірлерге арналған жер учаскелерін есепке алуды және тіркеуді зират қорымының әкімшілігі есепке алу журналдарының негізінде жүргізеді.

4. Жерлеу, зират қорымының әкімшілігіне қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы куәлікті және (немесе) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 045/у нысаны бойынша қайтыс болу туралы медициналық куәлікті не "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы хабарламаны ұсынғаннан кейін, зират қорымының аумағында жүргізіледі.

5. Жерлеу зират қорымының әкімшілігі жүргізетін есепке алу журналында тіркеледі

6. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер қамтылады:

жерлеу жылы, айы, күні;

қабірдің нөмірі;

қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);

туған және қайтыс болған күні;

өлімнің себебі;

"электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның нөмірі, күні және кімнің бергені;

марқұмның жақын туыстарының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні мен нөмірі, мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген ұйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы.

7. Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының), аумағында зират қорымы орналасқан Шымкент қаласындағы ауданның әкімі аппаратына жазбаша өтініші бойынша қайтыс болған адаммен жақын туыстығын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін бұрын қайтыс болған жақын туысының жанында жерлеу, көрсетілген жерлеу орнында бос жер учаскесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының қабірі болған кезде, қамтамасыз етіледі.

8. Сот-медициналық зерттеуден кейін мәйітханада жүрген қайтыс болған адамдардың табылған мәйіттерін немесе олардың сүйектерін, суға кеткендерді, үйден

тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу, жерлеу рәсімін ұйымдастыруды өзіне алуы мүмкін туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған кезде, қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін аумағында мәйіт немесе оның сүйектері табылған Шымкент қаласындағы ауданның әкімі аппаратының қарамағындағы зират қорымының әкімшілігіне жүктеледі.

9. Туыссыз адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

10. Мынадай:

зират қорымын немесе оның учаскесін мерзімінен бұрын жою;

сүйектерді Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекелеген қабірлерден тасымалдау жағдайларын қоспағанда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.

Қайтыс болған адамдарда аса қауіпті инфекциялық ауру (күйдіргі, конго-қырым геморрагиялық қызбасы) болмаған жағдайда жерленген сәтінен бастап алғашқы екі апта ішінде кейіннен үш жылдан ерте емес, құмдауыт жерлерде бір жылдан ерте емес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімі бойынша сүйектерді қайта жерлеуге жол беріледі.

11. Қабірлерді жобалау және салу:

қабірлердің учаскелері арасындағы қашықтық ұзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;

қабірдің тереңдігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің тереңдігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатпен хлорлы әк салынады;

әрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үймесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

12. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстау:

Жерлеуге бөлінген учаскенің шекарасында:

табиғи тастан немесе бетоннан жасалған қабір үсті ескерткіштер мен құрылыстар, гүлзарлар мен орындықтар орнатуға;

қабір басында гүл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отырғызуға жол беріледі.

Қабірлерді одан әрі күтіп-ұстауды жақын туыстары тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.

Ескерткіштер мен құрылыстарды, үстелдерді, орындықтарды және құрылыстарды жерлеу учаскесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, соқпақтар, гүлбақтар, көгалдар, кәріздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыстар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен аумағында зират қорымы орналасқан Шымкент қаласындағы ауданның әкімі аппаратының қарамағындағы зират қорымының әкімшілігі күтіп ұстайды.

13. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды:

1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стендтерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақтылы дайындауды;

3) жерлеу үшін әрбір жер учаскесін бөліп берудің белгіленген нормасын және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды;

4) ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды күйде ұстауды;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да учаскелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді қарап-күтуді, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақтылы шығаруды қоса алғанда, зираттарды күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың жүргізілуін;

6) азаматтарға жерлеу орнын қарап-күту үшін мүкәммалды жалға беруді;

7) жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.